



Қызмет көрсету Шарты №

(жүк қағазының нөмірі)

**Өкіл:** ДХЛ Интернешнл Қазақстан ЖШС

Алматы қаласындағы Бас кеңсе:

050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 100/2

БСН 040240002644

Е/ш **KZ9683201T0200092058**

Сити Банк Қазақстан АҚ-нда

БСК СИПКСА

"Ситибанк Қазақстан" АҚ

Тел.: +7 (727) 259-00-03

Кедендік бақылау комитетінің кедендік өкілдер тізіміне енгізу туралы 2012 жылдың 21 тамызындағы №463 бұйрығы



Пак Е.

**Сенім білдірілген тұлға**

ТАӘ \_\_\_\_\_

Жеке куәлік № \_\_\_\_\_

Кім және қашан берген \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_

**Тіркелген мекенжайы (толтыру міндетті)****Тіркелген мекенжайы бойынша салық органы****(Сенім білдірілген тұлға ақпараттың дұрыстығына жауап береді)**

Қолы \_\_\_\_\_

Қол қойған күн \_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/2024 ж.

Осы Шарт (бұдан әрі – Шарт) "ДХЛ Интернешнл Қазақстан" ЖШС, Сенімхат негізінде әрекет ететін Пак Е. тұлғасында, бұдан әрі "Өкіл" деп аталатын, бір тараптан және бұдан әрі "Сенім білдірілген тұлға" деп аталатын, осы құжаттың титулдық парағына өз қолын қойған сенім білдірілген тұлға арасында жасалды.

#### Шарттың мәні

Осы Шарттың мәні Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі ЕАЭО) Кеден заңнамасымен (бұдан әрі – КЗ) бекітілген баж салығынсыз әкелу шектеулерінен асып кеткен және Сенім білдірілген тұлғаның жеке пайдалануына арналған тауарлардан тұратын, нөмірі \_\_\_\_\_ көліктік жүкқұжат бойынша DHL желісі арқылы Қазақстан Республикасының кедендік аумағына келіп түскен Сенім білдірілген тұлғаның тауарының кедендік кіріс ордерін (бұдан әрі - ККО) пайдалана отырып, кедендік декларациялау бойынша ақылы қызмет көрсету болып табылады.

#### Шарт талаптары.

1. Өкіл КЗ талаптары мен шарттарына сәйкес Шарт мәні болып табылатын Сенім білдірілген тұлғаның тауарларын кедендік декларация жүргізеді.
2. Шарттың әрекеті жеке тұлғаның мекен-жайына DHL жеткізетін және ККО пайдалана отырып рәсімделген тауарларға жарамды.
3. Сенім білдірілген тұлға Өкілге Шарттың талаптарын орындау мақсатында жеке басының деректерін сақтауға және пайдалануға құқық береді.
4. Өкіл жеке бастың деректерін осы Шарттың талаптарын орындау мақсатында ғана пайдалануға және жеке бастың деректерін қорғау үшін қажетті шаралар қолдануға міндеттенеді.
5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға ақпарат беруді қоспағанда, Шарттың 3-тармағына сәйкес алынған кез келген ақпаратты жария етуге және таратуға болмайды.
6. Қызмет көрсету құны сол қызмет көрсетілген күндегі DHL-дағы әрекетті тарифтердің негізінде белгіленеді. Кедендік төлемдерді есептеу әрекетті КЗ негізінде жүзеге асырылады. Өкіл төлем жасауға есепшот береді. Сенім білдірілген тұлға төлемді қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен, оның ішінде электрондық төлем жүйелерін пайдалана отырып немесе тауар декларацияланғанға дейін қолма-қол есеп айырысу арқылы жүзеге асыруы тиіс.
7. Өкіл Сенім білдірілген тұлғадан төлем келіп түскеннен кейін қызмет көрсетуге кірісуге құқылы. Кеден органы Сенім білдірілген тұлғаның тауарларын жеке пайдалануға арналмаған тауарларға жатқызған жағдайда, Өкіл Сенім білдірілген тұлғаға қызмет көрсету үшін төлеген ақшасын 10 банктік күн ішінде кері қайтарады немесе онымен жасалған өзара келісім бойынша Өкілдің басқа қызметтерін пайдалану есебінен жабады.
8. Егер жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялауға қатысты заңнамаға енгізілген өзгерту күшіне енсе, Өкіл шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.
9. Сенім білдірілген тұлға декларацияланатын тауар туралы, сондай-ақ оны пайдалану мақсаты туралы ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.
10. Шарт іс жүзінде қызмет көрсетілген немесе осы Шарттың мәніне қатысты туындаған өзге де іс-әрекеттерді DHL жүзеге асырған бірінші күні күшіне енеді.
11. Тараптар ҚР Азаматтық Кодексінің 152-бабы негізінде Шарт жасасу кезінде қолды факсимильді көшіруді пайдалануға келісім береді.